

2014 жылға Аққайың ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарына көтерме жәрдемақы және үй алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау ұсыну туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың аудандық мәслихатының 2013 жылғы 25 желтоқсандағы N 19-3 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 21 қаңтарда N 2505 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихаты аппаратының 2015 жылғы 10 наурыздағы N 5.2.1-13/45 хаты)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихаты аппаратының 10.03.2015 N 5.2.1-13 / 45 х а т ы) .

Ескерту. Шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың аудандық мәслихатының 04.04.2014 N 22-17 шешімімен (алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңы 18 бабы 8 тармағына сәйкес, Аққайың ауданының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. 2014 жылға өтінген қажеттілігінің есебімен Аққайың ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарына:

1) өтініш түскен кезеңнен жетпіс есептік айлық көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы;

2) тұрғын үй алу немесе салу үшін өтініш түскен кезеңнен бір мың бес жүз есептік айлық көрсеткіштен аспайтын маманның өтінген сомасында бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау ұсынылсын.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың аудандық мәслихатының 04.04.2014 N 22-17 шешімімен (алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы шешімнің 1 тармағы 1), 2) тармақшаларының күші ветеринария саласында қызметті жүзеге асыратын ветеринарлық пунктерінің ветеринарлық

ма м а н д а р ы н а

қ о л д а н ы л а д ы .

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен
с о ң қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л е д і .

<i>төрағасы</i>	<i>V шақырылған XIX сессия</i>	<i>С. Семенюк</i>
<i>мәслихатының хатшысы</i>	<i>Аққайың ауданының</i>	<i>Қ. Құрманбаев</i>
<i>2013 жылғы 25 желтоқсан</i>	<i>"КЕЛІСІЛДІ": "Аққайың аудандық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің б а с ш ы с ы</i>	<i>А. Ғайсин</i>
<i>2013 жылғы 25 желтоқсан</i>	<i>"Аққайың аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің б а с ш ы с ы</i>	<i>Е. Гонтарь</i>

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ